

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 9 шілдедегі N 13/205 "Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттығына кандидаттың және мәслихат депутаттығына кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының оған қоятын талаптарына сәйкестігін анықтау тәртібі туралы" қаулысына өзгерістер енгізу жайлы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 2000 жылғы 10 тамыздағы N 7/7 қаулы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 4 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1239. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрайымының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 110/134 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңның 12 бабы негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 9 шілдедегі N 13/205 "Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттығына кандидаттың және мәслихат депутаттығына кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының оған қоятын талаптарына сәйкестігін анықтау тәртібі туралы", Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 14 шілдеде тіркелген, тіркеу N 837, қаулысына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтың 3) тармақшасы "қасақана құқық бұзғаны үшін" деген сөздерден соң "сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін тәртіптік жазалары" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"облыстық, Астана және Алматы қалалық әділет басқармасынан" деген сөздер
а л ы н ы п **т а с т а л с ы н ;**

2 тармақтан "әділет басқармалары" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастан күшіне енеді.

Комиссия төрайымы